

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ TUTOR ЖУРНАЛЫ



**№1(12)**

**2021**

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ, МОЙЫНҚҰМ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ  
БИНАЗАР АУЫЛЫ АУЛА КЛУБЫ КММ

**ИТЖАНОВА ҮМІТ ЖАҚЫПҚЫЗЫ**





Алматы облысы, Балқаш ауданы, Береке ауылы,  
«Береке орта мектебі МДШО» МКМ  
Молдажанова Панаркүл Қаратайқызы  
Бастауыш сынып мұғалімі

## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақ халқының өткенін білмей, бүгінгі күнге көз тігу мүмкін емес. Қазіргі таңда мектеп тарихының жаңа кезеңіне қадам бастық. Мектепте білім берудің мақсаты, мазмұны, технологиясы жаңа бағыттарға өзгерді.

Жаңашылдық – өзіне дейінгі жоққа шығару емес, керісінше, бар тәжірибені жаңа қырынан танып, біліп, іс жүзінде қолдану.

Қазақстанда алғашқы білім ошағын ашып, қазақ балаларын оқу- білімге шақырған ағартушы, педагог Ыбырай Алтынсариннің шығармаларынан көп тәлім- тәрбие алатынымыз ақиқат.

Ы. Алтынсарин – бар саналы ғұмырын туған халқын өнер- білімді, жаңа заманның өркениетті ұрпақтарын тәрбиелеуде атқарған еңбегі ұшаң- теңіз.

Тек мектеп ашу ісімен ғана шұғылданып қойған жоқ. Ашылған мектепте оқушыға білім бере отырып, ағартушылық қызметке байланысты құнды еңбектер де жазды.

Ағартушы этнография саласындағы еңбектері арқылы халқымыздың салт- дәстүр, әдет- ғұрыптарын қарастырады. Қазақ ауыз әдебиетін зерттей отырып, қазақтың жұмбақтары, мақал- мәтелдер, дастандары жөнінде ғылыми мақалалар жазды.

Лингвистика, тілтану саласында қазақ тілінің тазалығына үлкен мән берді. Қазақтың әдеби тілі, оның дамуы мен қалыптасуы, ана тілінің тазалығы Ы. Алтынсариннің негізгі бағыты мен қызметі болып табылады.

Мектепке баратын қазақ балаларына арнап жазған «Қазақ хрестоматиясы» оқулығы маңызы зор құндылық деп ойлаймы. Оқулықты қазақ балаларына білім мен тәрбие берудің басты құралы деп қарайды. Ол балаларға ана тілін таза және ұқыптылықпен үйретеді, шағын көркем шығармалар арқылы оларды жақсы мінез- құлыққа баулуды көздеді. Бұл оқулықты балаларға арналған өлеңдер мен шағын әңгімелер, новеллалардан құрастырды. Олардың бірқатарын өзі жазды, бірқатарын сол кездегі орыс оқулықтарынан еркін аударып алды. Хрестоматияға енгізілген өлең әңгімелері балалардың жасына, сана-сезіміне лайықталып, педагогика ғылымының міндетті түрде тәрбиешілерден талап ететін әдіс мәселесінің берік сақталуына өз алдына, сонымен қатар оқу, еңбек, талап, мейірімділік, тағы басқа тақырыптарға арнаулы, қолға таяқ ұстатқандай әңгімелерді әдемі, сапалы түрде таңдап алғандығының өзі біз үшін үлкен құндылық.

Ағартушының өнегелі өмірі мен өрісі биік таланты бір кезде қандай жарқын да жанды қасиеттерімен көрініп, қазақ мәдениетінің тарихында айқын іздерін қалдырса, қазірде сол асылда абзал ерекшеліктерін өз бойында толық анықтауда. Өйткені әрбір ұлы адамзатпен бірге жасайтын мәңгі өшпес, ескірмес идеяларды көтерді. Сондықтан олар арада бірнеше ұрпақтың өткеніне қарамастан, уақыт өткен сайын биіктеп, мән- маңызы, қадір- қасиеті арта түседі. Ол өзінің шығармашылық өмірін бір ұлы мақсатқа арнады. Ол мақсат қазақ халқын ғасырлар бойы езіп келген надақтық пен қараңғылықтың шырмауынан босатып, өнер- білімді, мәдениетті елдердің қатарына қосу еді.

Ы. Алтынсарин қазақ балаларына арнап мектеп ашумен бірге онда қызмет істейтін, балаларды оқытып, тәрбиелейтін кадрларға, атап айтқанда, мұғалімдерді даярлауға аса зор мән берген. Ол мектептегі ең басты тұлға – мұғалім деп есептеген. Жақсылап салынған мектеп үйі болуы мүмкін, тамаша жазылған оқу құралдарын да табуға болады. Бірақ бұлардың жақсы мұғалімсіз берері шамалы деп есептеген. «Халық мектептері үшін ең керектісі оқытушы». Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы өкімен бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілген инспекторлар бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды. Сондықтан да мен жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін деп жоғары балады.

Ы. Алтынсарин орыс халқы мәдениетінің демократияшыл идеяларын, әсіресе, Ушинскийдің педагогикалық мектебінің жаңалықтарын шығармашылық жолмен қабылдай отырып, қазақ даласына білім таратушы, мектеп ашушы, тәрбиелеуші мұғалім болды. Ол өз ісінде әрқашан адамгершілік туын көтеріп, көптеген педагогикалық мұралар қалдырды.



Өзінің мектеп өміріндегі тәжірибесін Ушинскийдің, Төлетайдың педагогикалық озат пікірлерін, тағы да басқа да материалдарды қорыта отырып, Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы, мен Қазақтарға орыс тілін оқыту жөніндегі бастауыш басшылық» деген екі кітабын жазды. Бұл еңбектер кезінде қазақ халқының мәдениетінің тарихында аса зор оқиға, үлкен ғылыми табыс ретінде жарыққа шығады өз кезінде жарыққа шығуы өз кезінде қазақ халқы үшін сирек кездесетін тамаша жаңалық болды. Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығына Н.Ф. Бунаков және Н. А. Корфтің жүйесімен Ресейде құрылған бастауыш халық мектептерінің тәжірибесінің жемісті ықпалы болды. Оқу жоспарларын және бағдарламаларын жасауда оқыту мен тәрбиенің дидактикалық және әдістемелік тәсілдерді қолдануда оның пайдалы тәжірибелерін пайдаланды.

Ы. Алтынсарин өзінің оқу құралдарын жасауда өзінің идеялық бағыттылығы жағынант балаларды өз Отанына сүйіспеншілік рухта тәрбиелеуге ұмтылды. Сондықтан да орыс педагогтары мен жазушыларының шығармаларымен қатар ол хрестоматияға ауыз әдебиеті үлгілерін енгізді. Ол кезде надандыққа белшесінен батып жатқан елді оқуға шақыру, мәдениеттілік үндеу айтарлықтай тарихи іс еді. Сол бір тарихи кезеңде әлеуметтік мәні зор үлкен іс, ауыр жүкті арқалаған адамның бірі – Ыбырай Алтынсарин болды. Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық – білім екендігін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндірді. Есті бала мен ессіз баланы қарама – қарсы қойып, жастарға кімнен үлгі алып, кімнен безу керектігін көрсетті. Ыбырай Алтынсарин мейілінше қиын жағдайда жұмыс істеді, талай бөгеттерге кездесті. Өтірік арыз, «Жаптым жала, жақтым күйенің» неше түріне жолықты. Бірақ ол күрестен қажыған жоқ. Әсіресе, оның келешекке сенімі зор болды. Аңсаған армандарын өзі орындай алмаса, болашақ жастар орындайды деп білді. Елді қараңғыдан жарыққа шығаратын жастар, тек қараңғылық, надандықтарды шеней келіп:

«Біз надан боп өсірдік,  
Иектегі сақалды,  
Өнер жігіт көркі» - деп,  
Ескермедік мақалды.  
Біз болмасак сіз барсыз,  
Үміт еткен достарым,  
Сіздерге бердім батамды» - деді.

Ыбырай қазақ жастарын оқуға үндеумен қатар адамгершілікке, махаббат, достыққа, еңбекке, жігерлікке, тапқырлыққа, халқын сүйушілікке, қысқасын айтқанда, адам деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуға үндеді. Балаға жастай дұрыс тәрбие беру бүкіл дүниежүзіндегі педагог – ғалымдардың ертеден бері үлкен көңіл аударып, айрықша көтерген мәселесінің бірі десек, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласынан оларға үн қосушы біріншісі қазақ педагогі Ыбырай Алтынсарин. Бұл мәселе жөнінде ол көптеген педагогтердің, әсіресе, орыстың алдыңғы саптағы ұлы педагог – ғалымдары К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой мен пікірлес болды. Кітаптың беташары оқуға шақырудан басталып, оның әлеуметтік мәнін түсіндіру болса, сонымен қатар негізгі тақырыбының бірі еңбек. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде, кішкентай жәндіктердің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүретінін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. Қарлығаш, өрмекші гұрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа, - дейді. Кейде сәл нәрсені комсынып, оған көңіл бөлмеушілік, аз жұмысты қиынсынып бойкүйездікке салынушылық өмірде көп кездеседі. Бұл жақсы әдеттің нышаны емес. Сондықтан балаларды жастайынан- жалқаулыққа қарсы еңбекке тәрбиелеу мәселесіне Ыбырай ерекше көңіл бөлген. Жастарды еңбек етуге дағдыландыруды үгіттеген оның басқа да әңгімелері аз емес. Ыбырай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді.

Ыбырай Алтынсарин аса талантты педагог, ағартушы, дарынды жазушы, тамаша ақын, көрнекті қоғам қайраткері. Жан-жақты талант иесі Ыбырайдың есімі қашанда уақыт сынынан мүдірмей өтіп, өз халқымен бірге жасасып келеді. Оның өмірі өз Отанын шексіз сүйіп, оған бүкіл жан- тәнімен қызмет етудің тамаша үлгілерінің бірі болып табылады. Заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезов Ыбырай Алтынсарин туралы былай жазды: «Ыбырай орыстың мәдениет мектебін танымаса, Ушинский бастаған педагогикалық жаңалықтарды білмесе, орыстың адамгершіл, прогресшіл классикалық әдебиетінің нәрінен қорек алмаса, Ыбырай болмас еді... Ыбырай сол бір бағытта болумен қатар, өмірі, еңбек еткен ортасы, әлеуметтік-қоғамдық қайраты, әрекеті жөнінде Шоқанға да, Абайға да ұқсамайды. Ыбырай жаңағы екеуінің де ісін өз өмірінде еңбегіне түйістіріп, қоса білді. Сөйтіп, ол екеуі де істеген тың тарихтың ұзақ өрісі бар, зор келешегі бар істердің үлгісін өз қолымен орнатты. Әрі ол жаңа үлгідегі ақын, әрі сол кездегі Ресейде батыл жаңалық жасап, бұратана» елдер үшін тың үлгідегі мектеп ашушы. Қазақтың ең алғашқы мәдениеті мектебін жасаумен қатар, жазушылық пен оқытушылықты ол аса шебер өнерлі түрде қабыстырушы. Кезінде қазақ халқының болашақ дағдысын орыс мәдениетімен



бірлікте алып қараған Шоқан, Абай және Ыбырай секілді ұлы ағартушы- демократтар тарихымызға өшпестей із қалдырды. Осы орайда Ыбырай Алтынсариннің қосқан үлесі мен еңбегі біршама зор. Қазақ халқының талантты ұлдарының бірі Ыбырай Алтынсарин – аса көрнекті ағартушы – педагог, этнограф ғалым, ақын әрі жазушы, жанашыл педагог болған адам. Ыбырай Алтынсариннің еңбегі салалы қызметі мен өмірі жайлы сақталған деректер мен материалдар өте көп, олардың кейбіреуі ағартушының өз қолынан шыққан. Ыбырай Алтынсарин – бар саналы ғұмырын туған халқын өмір-білімді, жаңа заманның өркендетті, мәдениетті елдерінің қатарына қосу жолына арнаған көрнекті тұлға. Ол өзінің ағартушылық, педагогтік, ақын – жазушылық тарихи қызметі мен зор талын, жан-жақты терең білімі мен қайрат – жігерін елдің «өжелкілдеп өскен көк шөптей» жас ұрпаққа оқытты, тәрбиелеуге, қазақ жерінде жаңа үлгідегі мектептер ашып, оқушыларды өз кезінің озық ғылыммен қаруландыруға, кәсіп түрлеріне үйретуге арнаған. Ыбырай бұл жолда сан алуан келергілер мен қиындықтарды жеңе отырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді, сөйтіп, туған халқының мақтан тұтатын ардақтысына айналды. Қашан болса да ақ көңіл адал ниетім ең ақылды айтуға, тіпті нақты ісімен көмектесуге әрқашан әзір тұратын. Қазақ халқы оны қатты құрметтейтін. Сөйтіп ақын, бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, оқу, өнер, ғылым-білімге, оның жалпы халық үшін керектігіне еш мән бермейтін ескі көзқарасқа соққы береді. Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық – білім екендігін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін, ерінбей оқу, білім алумен ету керектігін түсіндірді. Ыбырай «Өнер-білім бар жұрттар» атты өлеңінде оқу, білім алумен мақсатын кеңінен сөз етеді. Өлеңнің негізгі идеясы – қазақ қауымына озық мәдениетті елдерді үлгі етіп көрсету. Ыбырай жастардың оқыған адам болғандағы мақсаты өз халқының бір керегіне жарғау, оны «тастап сарай салдырып, айшылық алыс жерлерден көзінді ашып- жұмғанша, жылдам хабар алғызатын» елдердің қатарына жеткізу деп білді. Келешекке сенімі мол Ыбырай өмір көркі, болашақтың иесі- жастар деп ұқты. Бұл өлеңдердегі: жақсы мен жаманды, білімділік пен иадандықты салыстыра суреттеу әдісі де жас балаларға оларды айқынырақ таныту мақсатын көздейді. Сондықтан Ыбырай өз дәуірі оқырмандарының ұғымына жеңіл етіп, салыстырулар жасайды. Бұл өлеңдердің көп тіркестері бүгінде мақал – мәтелге айналып кетті. Ыбырай Алтынсариннің сол қоғамдық өмірдегі беделін, оның қандай мақсаттағы мәдениет қайраткері ретінде замандастарына танылғанын аңғартып қоймайды, хрестоматиямен нақты танысқағ бастапқы аз ғана адамдардың да оның жанаша мазмұны мен мақсатын дұрыс бағалап, оған лайықты үміт артқанын білдіреді. Ыбырай Алтынсариннің еңбегі, әдеби шығармаларының бірден – бір жинағы, қазақ жазба әдебиетінің төл басы «Қазақ хрестоматиясы» екенін мақтанышпен айтамыз. Мектеп бағдарламасына Ы. Алтынсариннің шығармаларының оқушыға жеңіл, түсінікті, оқушының жас ерекшелігін ескере отырып кейбір әңгіме, өлеңдері берілген. Оның қай шығармасы болса да, баланың тіл мәдениетін көркейтуге, дамытуға әсері мол. Оны балалар сүйіп, бар ынтасы мен оқиды. Өзі өшсе де сөзі өшпейді дегендей, өзі жоқ болса да біз үшін оның еңбектері мәңгі өшпейтін мұра болыр қала бермек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

1. Тарихи тұлғалар. Алматы кітап 2006 жыл
2. Қазақ хрестоматиясы Алматы «Білім» 2007 жыл
3. «Кел, балалар, оқылық» Алматы «Атамұра 2006 жыл»